



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 14 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

**Халықаралық валюта қорына мүше – мемлекеттер арасында
арнайы қарыз алу құқығын үлестіру туралы**

25 тамыз, 2021 ж.

Нұр-Сұлтан қ.

Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) Басқарушылар кеңесінің 650 млрд АҚШ долларына тең қаржыны арнайы қарызға алу құқығын (бұдан әрі – СДР¹) жалпылай үлестіруге қатысты шешімі 2021 жылы 23 тамызда күшіне енді (*шамамен 456 млрд СДР*). Қазақстанға 1,57 млрд АҚШ долларын құрайтын сомада 1,11 млрд СДР меншіктелді.

Он бірінші рет іске асырылып отырған үлестіру қағидасы ХВҚ тарихындағы ең ауқымдысы болып табылады және сарапшылардың бағалауынша, әлемдік экономиканың орнықтылығы мен тұрақтылығын күшейтуге жағымды ықпал етеді.

ХВҚ-ның СДР-ды қайта үлестіру туралы шешімінің мақсаты – ХВҚ-ға қатысушы мемлекеттердің ұзақ мерзімдік қажеттіліктерін қаржыландыру үшін ғаламдық экономикаға қосымша өтімділік ұсыну. Мұндай қаражаттың бөлінуі әлемдік экономиканың пандемиядан кейінгі қалпына келу үдерістерін ынталандыратын болады.

СДР-дың қосымша шығарылымы ХВҚ-ға қатысушы мемлекеттер арасында олардың квоталарының көлеміне қарай үлестірілді. ХВҚ-ға мүше мемлекеттер үлестірілген СДР-ды қандай мақсатта пайдаланатынын өз бетінше шешуге құқылы. СДР валюталық резервтердің бөлігі болып табылатындықтан, сақталынуы немесе өзге мүше мемлекеттердің еркін конвертацияланатын валютасын алу мақсатында айырбасталуы мүмкін. Сонымен қатар, сыртқы экономикалық операциялар бойынша жағдайы едәуір жақсы мүше мемлекеттер, экономиканың дағдарыстан кейін қалпына келуіне көмектесу мақсатында, үлестірілген СДР-ды жағдайы әлсіздеу мемлекеттерге ерікті түрде беруіне болады.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты келесі телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

¹ СДР (ағылш. Special Drawing Rights) ХВҚ қалыптастырған мемлекеттердің халықаралық резервтерін толықтыратын, халықаралық резервтік актив. СДР құнын ХВҚ күн сайын СДР жинағына кіретін 5 валюта негізінде орнатады (АҚШ доллары, жапондық иена, евро, фунт стерлинг және қытай юані).